

**"Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық маңызы бар қалаларында аймақтардың шекаралары мен жер телімдері үшін ақы төлеудің базалық ставкасына қолданылатын түзету коэффициенттерін белгілеу туралы" Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2001 жылғы 27 маусымдағы № 11/127-ІІ шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 9/81-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қаңтарда № 2207 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық маңызы бар қалаларында аймақтардың шекаралары мен жер телімдері үшін ақы төлеудің базалық ставкасына қолданылатын түзету коэффициенттерін белгілеу туралы» Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2001 жылғы 27 маусымдағы № 11/127-ІІ шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 326-нөмірімен тіркелген, 2001 жылғы 2 тамызда «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 94- нөмірінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:  
аталған шешімнің атауы келесі редакцияда жазылсын:

«Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық маңызы бар қалаларында бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына қолданылатын түзету коэффициенттерін белгілеу туралы»;

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«1. Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық маңызы бар қалаларында бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлем ақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері 1 және 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін»;  
көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

«Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық маңызы бар қалаларында бағалау аймақтарының шекаралары»;

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасының тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

«Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық маңызы бар қалаларында жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына қолданылатын түзету

к о э ф ф и ц и е н т т е р і » .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы С.Қуашбаев*

*Облыстық мәслихат хатшысы Қ.Ержан*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК